



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан қаржы
нарығына
қатысушыларының
жүйелік тәуекелдерді
қабылдауы

Қазан 2016

Мазмұны

Кіріспе	3
Тәуекелдер деңгейін бағалау	4
Ғаламдық тәуекел	5
Макроэкономикалық тәуекел	6
Кредит тәуекелі	7
Қорландыру және өтімділік тәуекелі	8
Нарық тәуекелі	10
Қаржы жүйесінің тұрақтылығын бағалау	11
Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы.....	12

Кіріспе

«Қазақстан қаржы нарығына қатысушыларының жүйелік тәуекелдерді қабылдауы» – Қазақстанның қаржы жүйесіне тән тәуекелдер және 2017 жылғы күтулер бойынша қаржы нарығына қатысушылардың, сонымен қатар экономика және қаржы салаларының тәжірибелі сарапшыларының арасында өткізілетін жыл сайынғы пікіртерім сериясынан үшінші жарияланым.

Алынған нәтижелер тәуекелдердің жекелеген түрлерінің шоғырлану тәуекелін бағалауға және олардың ұлғаю алғы шарттарын айқындауға, қаржы нарығына қатысушылардың тәуекелге ниетін зерделеуге, сондай-ақ негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша болжамдық күтулерді алуға мүмкіндік береді.

Пікіртерім 2016 жылғы 3 – 14 қазан аралығында өтті. 117 қатысушы шақырылып, оның ішінде 98 респондент өз жауаптарын жолдады. Сауалнама барысында өздерінің пікірлерін екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру ұйымдары, инвестициялық компаниялар және басқа қаржы ұйымдары білдірді. Сонымен қатар экономика және қаржы саласының тәжірибелі сарапшылары шақырылды (1-кесте).

Пікіртерім нәтижелері респонденттердің мынадай шкала бойынша алынған жауаптарының орташа мәні түрінде жинақталады: (2) біршама ұлғаюы; (1) аздап ұлғаюы; (0) өзгерістерсіз; (-1) аздап азаюы және (-2) біршама азаюы.

Зерттеуде берілген барлық деректер және тұжырымдар пікіртерімге қатысушылардың пікірін білдіреді.

1-кесте: Респонденттерге жіберілген сауалнамалардың және олардан алынған жауаптардың саны

	Жіберілгені	Алынғаны
Барлық қатысушы	117	98
Екінші деңгейдегі банктер	34	34
Сақтандыру ұйымдары	34	30
Инвестициялық компаниялар	26	20
Басқа қаржы ұйымдары	7	5
Сарапшылар	16	9

Қазақстанның қаржы нарығындағы және шетелдегі ахуал бойынша толық түсініктемелер ұсынған респонденттерге алғысымызды білдіреміз

Қаржы жүйесі үшін маңызды тәуекелдер

Қазақстанның қаржы жүйесі үшін мына бес тәуекел маңызды тәуекелдер ретінде айқындалған: (1) ғаламдық тәуекел, (2) макроэкономикалық тәуекел, (3) кредит тәуекелі, (4) қорландыру және өтімділік тәуекелі, сондай-ақ (5) нарық тәуекелі.

Тәуекелдер деңгейін бағалау: 2016 жылғы ағымдағы кезең

Респонденттер 2016 жылды «экономика мен тұтастай алғанда қаржы секторы әлсіз қарқынмен дамыған тоқырау жылы» деп бағалады.

Қазақстан экономикасының әлемдік кеңістікке ықпалдасуының жоғары дәрежесі макроэкономикалық тәуекелді одан әрі іске асыра отырып, 2014-2015 жылдары орын алған ғаламдық күйзелістердің сауда және инвестициялық арналармен экономиканың ішіне ауысуына ықпал етті.


Респонденттер 2016 жылдың неғұрлым маңызды тәуекелдері деп инфляция деңгейінің өсуі және экспорттық кірістердің қысқаруы нәтижесіндегі макроэкономикалық тәуекелді және экономикалық агенттердің кредит қабілеттілігінің төмендеуіне байланысты кредит тәуекелін атап өтті.

Сарапшылардың пікірінше, мұнай бағасының артуының ағымдағы үрдісі және, тиісінше, теңге бағамының нығаюы ҚРҰБ-ның базалық мөлшерлемесінің біртіндеп төмендеуімен бірлесіп, қаржы секторы өтімділігінің ұлғаюы және экономиканы кредиттеу процесінің жандануы бөлігінде белгілі бір нарықтық перспективаларды қалыптастырады. Алайда ғаламдық тәуекелдер бойынша белгісіздік, сарапшылардың пікірінше, «үрдістерді айтарлықтай ұзақ мерзімге болжау мүмкіндігін қиындатады, бұл корпоративтік сектордың инвестициялық белсенділігін және банктер тарапынан кредиттеуді тежейді».

Тәуекелдер деңгейін бағалау: 2017 жылға арналған күтулер

2017 жылы респонденттер өткен жылдың негізгі тәуекелдерінің және үрдістерінің сақталуын күтеді (1-график). Экономиканың құлдырау салдарлары әлі кем дегенде Қашаған кен орны іске қосылғанға дейін, Қазақстанның маңызды экспорттау тауарларының нарығы тұрақтағанға және олардың бағасының қолайлы деңгейіне жеткенге дейін бір жыл төңірегінде жалғасатын болады. Инвестициялық компаниялардың бағалауына сыртқы конъюнктура қолайлы болып, энергия ресурстарының бағасы өскен жағдайда, 2017 жылдың соңынан бастап қалыпқа келу

1-график: Қаржы жүйесі тәуекелінің ағымдағы және болжанатын деңгейін, сондай-ақ Сіздің ұйымдағы тәуекелге тәбеттің деңгейін бағалаңыз



күтіледі.

Ғаламдық тәуекел

2014-2015 жылдардағы реттелмеген геосаяси қақтығыстар, биржалық нарықтарда сақталып отырған төмен баға және әлемдік экономика өсу қарқындарының төмендеуіне байланысты сыртқы күйзелістер, респонденттердің пікірі бойынша, 2016 жылы Қазақстан экономикасының қалпына келуіне кедергі келтірді (2-график).

Әлемдік сұраныстың төмендеуінің жалғасуы және Таяу Шығыстан өндірушілер ұсынысының өсуі 2016 жыл бойы мұнай бағасын төмен деңгейде ұстап тұрды. Бірқатар банктердің пікірі бойынша «РФ және Қазақстан сияқты экономикасы төмен әртарапандырылған, минералдық ресурстардың экспортына бағдарланған елдер тәуекелдерге неғұрлым сезімтал болды».


Инвестициялық компаниялар «дамыған елдер экономикасының өсуі халықаралық ұйымдардың болжамдық мәндерінен төмен болды, ал бірқатар дамушы экономика бойынша көрсеткіш теріс мәнге ие болды» деп атап өтті. Мыналар негізгі факторлар болып белгіленді: 1) экспорттық тұтынудан ішкі тұтынуға қайта бағдарлана алмаған Қытай экономикасының «қатты қонуы»; 2) Ресей мен батыс елдері арасында жалғасып отырған санкциялар; 3) экономикалық, саяси және институционалдық айқын еместікті ұлғайтатын «brexit» және Еуропа елдеріне «эмигранттар ағыны»; 4) АҚШ-ғы инфляция деңгейінің таргеттелетін мәннен төмен болуы.

Еуропа және Жапония орталық банктерінің сандық жұмсарту саясаты, инвестициялық компаниялардың пікірі бойынша, инфляция деңгейінің өсуі және экономикалық белсенділіктің қалпына келуі бойынша күтілген нәтижені көрсетпеді. Аталған елдердің жай-күйінің ғаламдық сұранысқа деген теріс әсеріне байланысты келесі жылы әлемдік экономика өсуінің әлсіз қарқыны күтілуде. Сандық жұмсарту бағдарламаларын тоқтатуға алғышарттар байқалған жоқ.


Екінші жағынан, қаржы нарығына қатысушылардың басым бөлігінің күтулері бойынша АҚШ ФРЖ-нің базалық пайыздық мөлшерлемесін көтеруі активтерді ауқымды қайта бағалауға және капитал ағынының күшеюіне, дамушы елдерден дамыған елдерге «тәуекелден қашуға» әкеледі.

Оған қоса, инвестициялық компаниялардың ішіндегі үш компания мұнай нарығында сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру бойынша айқын еместік

2-график: Ғаламдық тәуекелдің төменде келтірілген факторларының 2016 жылғы өткен кезеңде және 2017 жылы қаржы жүйесіне әсер етуін бағалаңыз



Ағымдағы кезең факторларының респонденттер топтары бойынша тәуекелге әсер етуі



келесі жылда да сақталатындығын атап өтті.

ОПЕК елдері мұнайдың жоғары бағаларын қалпына келтіру ниетімен өндіру көлемдерін қысқартуды жалғастыруда. Алайда «АҚШ жаңа президентінің саясаты жөніндегі күтулердің белгісіздігі, ФРЖ мөлшерлемесінің өсуі және Солтүстік Америкада мұнай өндіру көлемдерін көтеру ықтималдығы (мұнайдың бағасы бір баррель үшін 60 доллардан жоғары өскен жағдайда) бағалардың өсуіне оң әсерді шектейтін болады».

Макроэкономикалық тәуекел

Респонденттердің басым бөлігі экспорт көлемдерінің және тікелей инвестициялардың төмендеуі «қазақстандық экономика дамуының баяулауына және нақты сектор ахуалының үй шаруашылықтары деңгейіне дейін нашарлауына» себепші бола отырып, теріс факторлардың тізбегін іске қосқанын атап өтті (3-график).


Респонденттердің пікірі бойынша макроэкономикалық тәуекелдің іске асырылуына инфляцияның өсуі ең көп ықпал етті, ол халықтың төлеуге қабілетті бөлігін аз жұмсап, көбірек жинақтауға мәжбүрледі. Тұтынудың қысқаруы ішкі тауар айналымының төмендеуіне және кәсіпкерлердің, көбінесе ШОБ өкілдерінің, қаржылық ахуалының нашарлауына ықпал етті.

Халықтың төмен сатып алу қабілеті жағдайында кірістілікті ұстап тұру мақсатында бизнес шығыстарын оңтайландырды. Банктер кәсіпкерлердің жасалған салымдарды аяқтауға қайта бағдарлана отырып, қызметкерлерді және жаңа жобаларға инвестицияларды қысқартқанын атап көрсетті. Сондай-ақ, банктердің пікірі бойынша, кәсіпорындардың жұмыстан босатылған қызметкерлері санына қарасақ, әсіресе өңірлерде, жұмыссыздық деңгейі өскен. Бір банк «жұмыссыздықтың ресми деңгейінің және еңбек нарығының нақты жағдайының арасындағы сәйкессіздікті» атап көрсетті.


Қазақстан экономикасының өсу қарқыны, әсіресе халықтың және бизнестің табысына тәуелді: қызмет көрсету, құрылыс және көлік салаларында төмендеді. Өнеркәсіпте өндіріс қуаттылықтарының төмендеуі және сауда секторындағы сату желілерінің қысқаруы байқалды.

2016 жылғы ІЖӨ-нің өсуіне мемлекет басым салаларды қаржыландыру бағдарламалары есебінен қолдау көрсетті. Алайда банктердің бірі «бағдарламалық синергияны толыққанды пайдалануда қолдау бағдарламалары мен халықтың жұмыспен қамтылуының арасындағы

3-график: Макроэкономикалық тәуекелдің төменде келтірілген факторларының 2016 жылғы өткен кезеңде және 2017 жылы қаржы жүйесіне әсер етуін бағалаңыз



Ағымдағы кезең факторларының респонденттер топтары бойынша тәуекелге әсер етуі



байланыстың нашарлығын» атап өтті. Экономиканы дамыту бағдарламалары шеңберінде игерілген қаражаттың қомақты көлеміне қарамастан бұл қаражаттың басым бөлігі әртүрлі субъектілердің айналым капиталын ұстап тұруға жұмсалған.

Жоғарыда аталған респондент «айналым капиталын қаржыландыру қысқамерзімді кезеңде кәсіпорындардың қаржылық жағдайын қолдауға мүмкіндік береді, алайда жинақталған жүйелі проблемаларды шешуге мүмкіндік бермейді» деп, атап айтқанда, өндірушілердің аралық тұтыну тауарлары импортына тәуелділігін шешуге мүмкіндік бермейді деп есептейді. Бұл, өз кезегінде, «экономиканы әртараптандыру жылдамдығын, жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарының пайда болуын баяулатады және жақын келешекте инфляция деңгейі өсуіне және кредиттік тәуекелдің бұдан да әрі өсуіне әкелуі мүмкін».

Респонденттердің көпшілігі Қашаған кен орнын іске қосу 2017-2018 жылдары экономиканың өсу қарқынын қалпына келтірудің драйвері және оң бюджеттік әсердің нәтижесі болады деп күтеді. Алайда, «Қазақстанның кең орнында иелігіндегі үлесінің төмен болуы экономика өсімінің қарқынын қалпына келтіруді тежейді».


Кредит тәуекелі

Макроэкономикалық тәуекелді іске асырудың салдары: инфляцияның өсуі, сұраныстың төлем қабілеттілігі төмендеуі, ШОБ қаржылық жағдайы нашарлауы және кепілді қамтамасыз етудің құны төмендеуі кредит тәуекелінің шоғырлануына ең көп әсер етті (4-график).


Шамамен барлық банктер кредит тәуекелін басқару мақсатында қатаң кредиттік саясатты қолдады. Қарыз алушылар үшін банктердің меншікті қаражаты есебінен кредиттердің қол жетімді болуы шектелді. Дағдарысқа шамалы ұшырайтын салаларда іс-әрекет ететін және клиенттік базасын сақтаған жұмыс істеп тұрған клиенттерге басымдық берілді.

Бір сарапшы «1+» және «90+» күннен мерзімі өткен берешектің өсуіне қарай банк секторы активтерінің сапасы нашарлағанын» атап өтті. Алайда, «кредиттік тәуекел шоғырлануы аясында провизиялар деңгейі, негізінен, проблемалық кредиттерді есептен шығару және оларды стрессті активтерді басқару жөніндегі үлестес ұйымдарға беру есебінен қысқаруда». Сол сарапшының пікірі бойынша, «мерзімін өткізудің жоғарғы құбылмалығы банктер қайта құрылымдайтын қарыздардың көлемінің көп болуын білдіреді.

4-график: Кредиттік тәуекелдің төменде келтірілген факторларының 2016 жылғы өткен кезеңде және 2017 жылы қаржы жүйесіне әсер етуін бағалаңыз



Ағымдағы кезең факторларының респонденттер топтары бойынша тәуекелге әсер етуі



Қысқамерзімді кезеңде осындай практика банктер тиімділігінің көрсеткіштеріне оң әсерін тигізеді, бірақ орташамерзімді кезеңде дефолттардың одан әрі өсуіне алғышарттар жасайды».

Жеті респонденттің пікірі бойынша 2016 жылы жылжымайтын мүлік нарығы өзінің құлдырауын жалғастырып, коммерциялық жағынан да, жылжымайтын тұрғын үй жағынан да айтарлықтай тарылды (6-график). Келесі жылы бағалардың қалпына келуі күтілмейді, тіптен бағалардың одан да көп құлдырауы орын алуы мүмкін.

2017 жылы сақталып отырған сыртқы күйзелістерге ұшырағыштық және экономикалық көрсеткіштердің төмен қарқынын күту банк жүйесінің кредиттік портфелінің өсуін ұстап тұратын болады. Банктер сапалы қарыз алушылардың шектеулі санына бәсекелестіктің күшеюін күтуде.

Қаржы нарығына қатысушылардың бағалауы бойынша, 2017 жылы кредиттік тәуекелді басқару барынша күрделі болмақ.

Банктер «келесі жылы жұмыс істемейтін қарыздардың деңгейін арттыру провизияларды қалыптастыруға алып келетінін күтуде. Резервтерге ақша бөлу төмен табыс көрсеткіштерімен қатар, банктердің ішкі дереккөздерінің есебінен капиталды жинақтау қабілеттілігін нашарлатады. Провизиялау есебінен капиталға қысым көрсету акционерлер тарапынан қаражат салу сұранысын арттыратын болады».

Қорландыру және өтімділік тәуекелі


Банктердің пікірі бойынша, «қысқамерзімді өтімділікке байланысты ахуалды жақсарту мүмкін болды». 2016 жылдың басынан бастап теңгедегі құралдардың тартымдылығын арттыру арқылы және қысқамерзімді өтімділікті беру бойынша ҚРҰБ шараларының көмегімен теңгедегі өтімділікке байланысты ахуалды жақсартуға, валюта бағамын тұрақтандыруға, депозиттік базаның долларсыздандырылуын ынталандыруға және ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге қол жеткізілді.

Алайда, банктердің пікірі бойынша, «ұзақмерзімді қорландыруға қолжеткізу мәселесі ашық күйінде қалып отыр» (5-график). Банктерде өтімділік тапшылығы тәжірибесі болғандықтан (2014 – 2016 жылдың басындағы кезеңде), олар «өтімділік шырмауында қалудан» қорқып, ұзақмерзімді жобаларға инвестициялау тәуекеліне бармайды. Респонденттер «ұзақмерзімді қорландыру мәселесі шешілмейінше, өткен кезеңнің

5-график: Өтімділік тәуекелінің төменде келтірілген факторларының 2016 жылғы өткен кезеңде және 2017 жылы қаржы жүйесіне әсер етуін бағалаңыз



Ағымдағы кезең факторларының респонденттер топтары бойынша тәуекелге әсер етуі



тәуекелдеріне ұшырағыштық 2017 жылы да сақталатынын» болжап отыр.

Қазақстанның егеменді кредит рейтингінің «BBB+»-тан «BBB»-ға дейін төмендеуі шетел банктерінен қарыз алу рәсімдерін күрделендіреді және Қазақстан Үкіметі үшін де, жеке компаниялар үшін де қаржыландыруды тарту құнын қымбаттатуға әкеледі. Сақтандыру ұйымдары қаржы секторын дамыту үшін шетел қаражатын тарту мүмкіндігі экономиканың нақты секторының сатып алу қабілетінің төмендеуімен шектелгендігін атап өтті.

Банктердің пікірінше, кредит ресурстарының негізгі көздері болып экономиканы бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды қолдау бағдарламалары (ДАМУ, ҚДБ) және мемлекеттік холдингтер тартатын сыртқы қарыз алулар (АДБ, ЕҚДБ, ИДБ) қалып отыр. Үш банктің пікірінше, «мемлекеттік қаражатты басқарудың күрделілігі қаражатты бөлу рәсімдерінің ашықтығының болмауында, орналастыру мерзімдерінің тұрақсыздығында және алдын ала болжам жасауға келе бермейтіндігінде болып отыр». Оның үстіне, банктер «халықтың зейнетақы қаражатын бюджеттікке теңеп», бұл қаражатты қаржыландырудың нарықтық емес көзі ретінде бағалайды және «БЖЗҚ қаражатын жеңілдік талаптарымен тартуға» деген жоғары қызығушылықты білдіреді.

Бірқатар банктер үшін сақталып отырған мәселе - депозиттердің долларлануының жоғары деңгейі. Осы банктердің салымшылары қаражаттарын шетел валютасымен сақтауды жалғастыра отырып, қаражатты теңгемен кредиттеуге жіберуге мүмкіндік бермей отыр. Банктер валюталық салымдарды қайта инвестициялау мүмкіндігінің болмауынан валюталық салымдар бойынша шығыстарды көрсетеді. Екінші жағынан, банктердің көпшілігі шетел валютасындағы депозиттер көлемінің төмендеуін және теңгемен өтімділікті босатудың қарама-қайшы үрдісін атап өтуде.

Оның үстіне бір банк «базалық мөлшерлеменің жалғасып отырған төмендеуі аясында жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша ҚДКҚ ең жоғары ұсынатын мөлшерлемесінің төмендеуі болады, бұл мемлекеттік компаниялардың, жеке және заңды тұлғалардың салымдарының құбылмалылығының артуына алып келеді» деп атап өтті.

2017 жылы банктер, әсіресе теңгемен қаражатты тартқан кезде, әрбір клиентке жеке тұрғыдан келуді қолдану арқылы ыңғайлы депозиттік саясат жүргізуді жоспарлап отыр.

Нарық тәуекелі


Нарық тәуекелінің ішінде пайыздық және валюта тәуекелі 2016 жылы банк секторына пайданың түсуіне барынша теріс әсер етті. Шетел валютасымен ресурстық базаның құнын қайта бағалау банктердің валюта бағамының өзгеруінен шығынға қатты ұшырау мүмкіндігін сақтап отыр. Банктер 2016 жылы валюталық тәуекелдерді хеджирлеудің нарықтық құралдары құнының айтарлықтай төмендеуін атап өтті. Сонымен қатар, «бекітілген валюталық бағам кезінде ендірілген валюта тәуекелін басқару жөніндегі тарихи қалыптасқан реттеуші талаптар қазіргі сәтте бұрыннан бар валюта тәуекелдерін хеджирлеуге мүмкіндік бермейді». Валюта тәуекелін хеджирлеудің нарықтық құралдарына сұраныс артты, ал олардың болмауы ҚРҰБ-тың валюталық своптарына институттардың мұқтаждығын сақтайды.

Сонымен қатар, банктер жоғары пайыздық мөлшерлемелердің теріс әсерін төмендету үшін шығыстарды қысқартуды жалғастыруда. Кредитке қабілетті қарыз алушыларға қызмет көрсету мүмкіндігі үшін бәсекелестікті қатаңдату салдарынан таза пайыздық маржаның төмендеуі күтілуде. Осыған ұқсас үрдіс «сақтандыру сыйлықақыларын сатудан түскен кірісі төмендеп жатқан, сақтандыру компанияларында да байқалады».


Елдің тәуелсіз кредиттік рейтингінің төмендеуі және негізгі құралдар бойынша жоғары мөлшерлемелер де қазақстандық эмитенттердің борыштық және үлестік бағалы қағаздарының қайта бағалануына әкеп соқты. Портфельдердің мерзімділігін және валюталық құрауыштардың арақатынасын төмендету жағына қарай өздерінің әртараптандыру стратегияларын қайта қараған сақтандыру ұйымдары мен бағалы қағаздар нарығына қатысушылар да үлкен шығынға ұшырады.

Қаржы нарығына қатысушылар «жергілікті қор нарығы өтімділігінің төмендігінен нарық тәуекелдерін басқару қиындағанын» атап өтті. Инвестициялық компаниялардың пікірінше, қор нарығындағы белсенді инвесторлардың болмауы нарықтық бағалардың құбылмалылығын ұлғайтады: «тіптен, сауда-саттықтың аздаған көлемі активтердің нарықтық бағасына әсер етеді». Инвестициялық компаниялар «ағымдағы сәтте қор нарығының белсенділігі БЖЗҚ қаражатын пайдалану көлеміне тікелей байланысты екендігін» атап өтті.

6-график: Нарықтық тәуекелдің төменде келтірілген факторларының 2016 жылғы өткен кезеңде және 2017 жылы қаржы жүйесіне әсер етуін бағалаңыз



Ағымдағы кезең факторларының респонденттер топтары бойынша тәуекелге әсер етуі



Қаржы жүйесінің тұрақтылығын бағалау

2015 жылғы сауалнаманың нәтижелерімен салыстырғанда респонденттердің қаржы жүйесінің тұрақтығына деген сенімі қысқамерзімді кезеңде, сондай-ақ ұзақмерзімді кезеңде де артқан (7-кесте).


Нарыққа қатысушылардың транспаренттілігі деңгейінің артуы және нарыққа қатысушылардың қабылданған шешімдер бойынша ақпараттануы жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатына сенімділіктің артуына және қысқамерзімді өтімділік нарығындағы жағдайды қалпына келтіруге ықпал етті. Ұлттық валютаға деген сенімді арттыру мақсатында жүргізілген шаралар кешені, банктердің пікірі бойынша, депозиттік базаны долларсыздандыру процесінің басталуына және ақша нарығында теңгеге деген сұраныстың артуына жол берді.

Алайда, қазіргі күнгі бағалар мен төлем қабілеттілігі деңгейінің ұлттық валюта бағамына тәуелділігін ескере отырып, банктік емес ұйымдар тобының бір респонденті ортамерзімді кезеңде инфляциялық процестерді реттеуде пайыздық арнаның қабілетіне сенімсіздік білдіреді. Одан басқа, аталған респондент «мемлекеттің экономикалық проблемаларды соңғы 2-3 жылдардың ішінде ҚРҰБ-тың құралдары мен шаралары есебінен шешу талпынысына» байланысты реттеушінің тәуелсіздігіне шек келтіреді.

Ортамерзімді перспективада респонденттер қаржы секторының тұрақтылығына сенімді емес. Бұл «экономикадағы қазіргі құрылымдық теңгерімсіздіктер және кредиттік тәуекел жинақталуының жоғары деңгейі мен ұзақмерзімді қорландыру нарығының жоқтығынан көрінген банктік сектордағы орын алатын жүйелік проблемалармен» шартталған.


Осылардан басқа, банктердің пікірлері бойынша, Қазақстанның банктік секторының өсуін шектейтін жұмыс істемейтін кредиттер мәселесі әлі де шешілмей қалуда. Бұл ретте, кредиттік портфельдің сапасын жақсарту неғұрлым ұзақ уақыт кезеңін талап етеді.

7- график: Сіз Қазақстан қаржы жүйесінің тұрақтылығын қалай бағалайсыз? 2015 және 2016 жылдарға болжам өткен жылы жасалды. 2017 және 2018 жылдарға болжамдар 2016 жылғы қазанда жасалды.




Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы

8-график: Респонденттердің базалық мөлшерлеме және инфляция деңгейі бойынша күтулері







Эллипстер сенімгерлік саланың 90%-ын көрсетеді


9-график: Респонденттердің мұнай бағасы және теңгенің АҚШ долларына қатысты бойынша бағамы бойынша күтулері



Эллипстер сенімгерлік саланың 90%-ын көрсетеді



10- график: Респонденттердің нақты ІЖӨ өсімі және инфляция деңгейі бойынша күтулері



Эллипстер сенімгерлік саланың 90%-ын көрсетеді

